




Менеджменттегі басқару шешімдері

Басқару шешімі

- Басқару шешімі ұйым мен оның мүшелерінің алдында тұрған мақсатына жетуіне тура немесе жанама байланыс әрекеттерді іске асыру қажеттілігі және олардан тартылу жөніндегі ойластырылған қорытынды.



Мәселе мына факторлармен байланысты туындайды:



• Әрдайым белгілі бір мағынада(не?)



• нақты бір жермен (қайда?)



• пайда болуы және шешілу уақытымен, қайталану (қашан?)



• жылдамдығымен; мөлшерлік параметрлерімен (қанша?)



• соған қатысты адамдардың аясымен (кім?)

Ұйымдық шешім

Әрбір басқарушының өзіндік қызметіне сәйкес міндеттерді орындаудағы таңдау. Ұйымдық шешімнің мақсаты – ұйым алдына қойылған міндеттердің іске асыруын қамтамасыз ету. Сондықтан, нәтижелі ұйымдық шешім шынымен іске асырылған және соңғы мақсаттарға жетуге үлкен үлесін қосқан таңдау болып табылады.



Ұйымдық шешімді бағдарланған ұйымдық және бағдарламаған деп бөліп қарастыруға болады.



Бағдарланған шешім. Нобель лауреаты Г. Сайман шешімді құрылымдық жағынан түсіндіру үшін компьютерлік технология тілінен алынған терминді пайдаланды. Бағдарланған шешім дегеніміз – математикалық теңдеуді шешу барысында қолданылатындай белгілі бір тәрізді іс-әрекеттерді іске асыру қорытындысы.



Шешім қабылдау — ақпарат алмасу сияқты кез келген басқару қызметінің (функциясының) құрамдас бөлігі. Шешім қабылдау қажеттігі басқарушының алға қойған мақсатының қалыптасумен, сол мақсатқа жетудегі іс-қимылын түгелдей қамтиды.

Кез келген басқару өнерін игерем деген адам үшін, шешім қабылдау табиғатын түсіну, аса маңызды мәселе.

Шешім дегеніміз — бұл альтернативті тандау.

Альтернатив — мүмкін болған екі ұйғарымның бірін ғана тандап **алуға** мәжбүрлік.





Әрбір басқару қызметі (функциясы) өмірде жүзеге асыруды талап ететін жалпылама, тіршілікте қажетті, маңызды шешімдермен байланысты.





Басқарушы шешімдер деген сөз көп аспектілі мағынаны сипаттайтын категория. Басқарушы шешімдер өзара байланыста 3 аспектіден тұрады:

1. Басқарушы шешім — басқару жүйесінде жүретін қызмет түрі. Ол белгілі бір іс-әрекеттерді дайындау, табу, таңдау және қабылдаумен байланысты;

2. Басқарушы шешім — басқару объектісіне басқару органдарының ықпал тигізуіне варианттар ұсынады;

3. Басқарушы шешім — ол басқару жүйесінде тәжірибе - ұйымдастыру қызметі болып табылады.

Басқару шешімі

Ол тұтынудың объективті даму жүйесімен және оны қанағаттандыратын мүмкіндіктер арасындағы қайшылықтарды саналы түрде және күш - жігермен жеңігі шығу үшін жасалған жоспар.



Басқару шешімдерінің тиімділігіне көптеген факторлар әсер етеді. Бұл факторлардың барлық жиынтығын екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топтың факторларына - басқару шешімдерін жасағанда нені ескеру керек - солар жатады. Олардың ішіндегі ең негізгі орынды мақсат алады. Мақсат - жүйенің жайының қалауын, мүмкіндігін және қажеттігін анықтаушы болып табылады.



Екінші топтың факторларына осы айтылған мақсатты іске асырғанда қажетті ұйымдастыру жұмыстары және басқару жүйесіндегі ұйымдастыру - тәжірибе қызметтері жатады.

Басқару шешімдерінің сапасына субъективті факторларда қатаң әсер етеді. Олар:

- басшының жеке басының қасиеті (оның кәсіптік дайындығы, білім деңгейі, жетік білетіндігі және т.б.);
- шешім қабылдағанда хабарлармен қамтамасыз ету процесі;
- ұйымдастыру жұмысымен байланысты факторлар.

Олар: -шешім қабылдау үшін мамандарды тарту, шешімдерді орындаушыларға жеткізу тәсілдері мен түрлері; -бақылауды ұйымдастыру мәселесі және т.б.;

- технологиялық факторлар (техникалық жабдықтарды, ЭВМ — ды қолдану және т.б.).

Басқару шешімдерін жіктеудің теориялық және практикалық мәні зор. Басқару шешімдерінің табиғаты алуан түрлі. Олардың әр түрлілігін жіктеу, реттеу үшін белгілер бойынша жіктейді.

Басқару субъектісі бойынша шешімдерді бөлуге болады:



1. Әкімшілік

2. Қоғамдық ұйымдар шешімі



Басқару объектісі бойынша:

1. Жалпы



Жеке



және

2. Күрделі



Қарапайым



және

Ықпал ету объектісі бойынша
шешімді сыртқы және ішкі деп
бөледі.

Басқару шешімдерін жасау, оларды шығару және қабылдау технологиясы төмендегіше жүзеге асырылады:

- шешім қабылдаудың қажеттілігін анықтау
- Мәселені ортаға қою
- Жиналған мәліметтерді талдау
- Шешім мәселелерінің негізделуін бағалау
- Шешімдерді таңдау және қабылдау
- Орындалуын ұйымдастыру
- Нәтижені бағалау

Қолайсыз!



Нәтижелі шешімдерді қабылдау маңыздылығы өті зор. Шешімдерді қабылдаушы тұлға, өзіне жүктелген үлкен жауапкершілікті сезіне білуі керек.

Өйткені
Қабылданған шешімнің нәтижесі барлық ұжымның әлеуметтік экономикалық жағына қолайлы және қолайсыз әсер етуі мүмкін.

Қолайлы!



Бүгінгі дәрістен алған мәліметтерді нақтылау:

- Менеджмент процесіндегі шешімнің рөлі ?
- Шешімдердің жіктелуі ?
- Шешімдерді шығару және қабылдау теориясы ?
- Басқару шешімі ?
- Ұйымдық шешім ?
- Басқару тиімділігінің шешімдеріне әсер етуші факторлар ?
- Қабылданған шешімдердің нәтижесінің маңыздылығы ?